Автор: ЖИНАКОВА РАУШАН БАКТЫБАЕВНА
Пән: Математика
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану
Тақырып: Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына көбейту және бөлу

Тақырыбы:	Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына көбейту және бөлу
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	5.1.2.29 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 көбейту ережелерін қолдану;
Сабақтың мақсаты	-Барлық оқушылар: Ондық бөлшектерді 10; 100;1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; сандарына көбейту және есептер шығаруда қолданады -Оқушылардың басым бөлігі: Ондық бөлшектерді 10; 100;1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; сандарына көбейту және есептер шығаруда қолдану және қолдана білу дағдылары қалыптасады. -Кейбір оқушылар: Ондық бөлшектерді 10; 100;1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; сандарына көбейту және есептер шығаруда қолдану , қолдана білу дағдылары қалыптасады, жылдам есептеулер жүргізеді.
Жетістік критерийлері	- айнымалының мәнін өрнекте қолданады; - көбейту ережелерін қолданып, өрнектің мәнін табады. - сандық өрнекті құрайды; - арифметикалық амалдарды орындайды; - жауабын анықтайды.
Тілдік мақсат	Оқытудың тілдік мақсаты : Ондық бөлшектерді 10; 100;1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; сандарына көбейту ережесін жатқа айта алады. Бөлім бойынша лексика және терминология -көбейту -үтірді жылжыту -10, 100, 1000, 0,1, 0,01, 0,001 ондық бөлшектерді көбейту
Құндылықтарды дамыту	Белсенді қарым-қатынас, өзіндік шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту. Бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау, өзара қарым- қатынаста сын тұрғысынан ойлау.
Пәнаралық байланыс	Сызу, өмірде тұрмыспен байланысты
АКТ қолдану дағдылары	BilimLend бағдарламасы,
Бастапқы білім	Ондық бөлшектерді натурал санға көбейту, ондық бөлшектерді ондық бөлшектерге көбейту.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5 мин)	I. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу. Топқа бөлу: Есеп шығару арқылы 0,1*10 0,2*10 0,3*10 0,4*10 Үй жұмысын тексеру. (Жұппен тексеру) №920 1/12,25*122,6 = 1,225*1226 2/12,26*1,227>122,6*1,.27 3/122,7*1,228>1,227*12,28 4/1,228*122,9<1.228*1229 №923 15,2 км/сағ Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. «Көңіл күй аралы» әдісі.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15 мин)	Оқушыларға бүгінгі күнгі сабақтың тақырыбы мен мақсаты айтылады «Тақтадағы жазу, есеп» 1- тапсырма 2,136*10 = 21,36 0,079*10=0,79 2,136*100 = 213,6 0,079*100=7,9 2,136*1000 = 2136 0,079*100=79 2- Тапсырма 832,5*0,1=83.25 832,5*0,01=8.325 832,5*0,01=0.8325 1. Екінші көбейткіштенеше нөл бар? 2. Көбейтінді мәніндегі үтірдің орны мен бірінші көбейткіштегіүтірдің орнында қандай өзгешелік бар? Оқушылардан ойларын қорытындылап, жинақтап айту, өз қорытындыларын айту сұралады. Бүгінгі сабағымыздың мақсатын айқындау және жету үшін қандай кедергілер болады деп ойлайсыңдар? 3,4*10 есебінде үтірді ажыратуға тиісті цифрлар саны аз болса, ондық бөлшекке нөлдерді тіркеп жазу керек. 3,4*1000 = 3400 3,4*0,001=0,0034 III. Оқулықпен жұмысы №935- №936 есептер «Галерияны шарлау» әдісі 1. 5,21*10 2. 0,75*100 3 .19,3*0,1 4. 218,5*0,01 5. 0,13*10 6. 2,15*100 7. 0,926*1000 8. 8,07*10 9. 4,06*100 10. 3,071*1000 11. 13,2*0,1 12. 24,5*0,01 13. 391,6*0,001 14. 0,375*100 15. 24,8*0,1 16. 9,186*10 17. 9,186*1000 18. 7,3*0,1 19.119,5*0,01 20. 52,1*10 IY. Bilim Land порталынан 1/ 16 бет-22 жат 2/6 бет-9 жат жаттыуларды шығару (Жұппен орындау, жауабын тексеру)	
Топтық жұмыс (5 мин)	Топтық жұмыс (Есеп шығару) «Джиксо әдісі» №948 Өрнектің мәнін табыңдар № Дескриптор 1. Жай бөлшекті ондық бөлшекке келтіреді 2. 0,1, 0,01, 1000, 100 көбейтуді орындайды 3. Ондық бөлшектерді қосу амалын орындайды	
ҚБ тапсырмасы: (5 мин)	**1- тапсырма** Өрнектің мәнін табыңыз: a) 1,6·x; мұндағы: x=10; 0,01; b) 8,25·a мұндағы: a=100; 0,001. **Дескриптор:** *Білім алушы* - айнымалының мәнін өрнекте қолданады; - көбейту ережелерін қолданып, өрнектің мәнін табады. **2- тапсырма** Есепті шешіңіз: Қорапта 100 бөтелке сүт бар. 1 бөтелке сүттің массасы 0,256 кг, ал бос қораптың массасы 0,3 кг. Толық қораптың массасын табыңыз. **Дескриптор:** *Білім алушы* - сандық өрнекті құрайды; - арифметикалық амалдарды орындайды; - жауабын анықтайды.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 мин+ 5 мин)	Саралау тапсырмасы: Қарқын - Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. - Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады. - Негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі. I нұсқа 1. 23,145*10=231,45 2. 23,145*100=2314,5 3. 23,145*1000=23145 4. (23,145*10)+(23,145*100)+(23,145*1000)= Рефлекция: Жетістік баспалдағы 5e4d02b55566b.png Image not found or type unknown	